

ІСКЕРЛІК ХАТТАРДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ ЖАЙЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

Іскерлік хаттар мен құжаттардың барлығы ресми іс-қағаздар стилінде жазылады. Оларды кейде: а) кеңсе стилі; ә) ресми стиль; б) іс қағаздары стилі деп те айтады. Ресми іс қағаздары стилінің ерекшелігі – онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен, жүйелі, нақты, қысқа, нұсқа жазуға айрықша мән беріледі [1].

Ресми құжаттарда қоғамдық-саяси лексиканын, әкімшілік терминдердің

қолданылуы басым келеді. Ресми стильтеге жататын мемлекеттік құжаттар жанр

және мазмұн жағынан әр түрлі болып келгенімен, олардың барлығына ортақ жалпы сипаты болады: а) белгілі бір қалыптасқан үлгіде, баяндау түрінде жазылады; ә) лексика-фразеологиялық құрамы басқаша болып келеді; б) ойдың логикалық жүйелілігін сақтау мақсатымен сөйлем күрделі құрылады [1].

Іс қағаздары ресми турде жазылуы керек, бірақ кейбір іс қағаздарында эмоционалды бояуы бар тілдік құралдар да қолданылады. Мысалы: халықаралық ұйымдар мен мекемелердің, белгілі қоғам қайраткерлерінің мүшел тойына арналған құттықтаулар. Құттықтау мәтіндерінде жігер, қуатқа толы жақсы тілектер айттылады, олар жылы сезіммен жазылады. Сондықтан онда эмоционалды бояулы сөздердің қолданылуы занды.

Ресми іс қағаздарында кейде бір заттың немесе ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз:

1. Ресми құжаттарда – азамат;
2. Үйде – ата-ана;
3. Телефон станциясында – абонент;
4. Ательєде – заказ (тапсырыс) беруші;
5. Шаштаразда – клиент;
6. Ауруханада – науқас, емделуші;
7. Санаторийде – демалушы, тынығушы, емделуші;
8. Қоғамдық көлікте – жолаушы;
9. Кітапханада – оқырман;
10. Сауда орнында – тұтынушы;
11. Қызмет орнында – маман, қызметкер, т.б. болып айттылады.

Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Іс қағаздарының үлгілеріне: өтініш, сенімхат, қолхат, анықтама, мінездеме, хабарландыру, акт, мәлімдеме, хаттама, шарт, міндеттеме, бүйрық, жарлық, қаулы, есеп, т.б. жатады.

Қызметтік құжаттарды, хаттарды жазарда мынадай жағдайларды ескерініз [2]:

1. Қызметтік құжаттар бейтарап (нейтральный) қалыппен, ресми түрде жазылуы керек. Қызметтік хат жазу барысында адресатты марапаттап,

мадақтайтын, немесе намысына тиетін, дөрекі сөздерді қолданудан аулақ болған жөн.

2. Адресаттың сізден қызмет дәрежесінің төмен я жоғарылығына қарамастан «*тез арада орындаңыз*», «*Кідіртпей жауабын я қортындысын хабарлаңыз*», «*Қысқа мерзімде жауап беріңіз*» деген сөйлемдерді қолданбағанызың жөн. Оның орнына хаттың жауабын я мәселенің шешімін білгініз келетін «*Осы күнге дейін жауап беруіңізді ұраймын*» деп белгілі бір күнді көрсетініздер немесе «*Өз шешіміңізді хабарлауыңызды ұраймын*» деген сөйлемдерді қолдану арқылы білдірініз.

3. Өз өтініш, талаптарыңызды орынды көрсете білуге тырысыңыз. Қызмет бабындағы, кез келген оқиға, жағдай, мәселеге баға беріп, оны ресми құжатта көрсету, баяндау, я хабарлау барысында барынша салқындылық танытыңыз. Фактілерді объективті түрде көрсетіңіз.

4. Егер қызметтік хатта ол мекеменің, я қызметкердің, өтінішін я болмаса тапсырылған ісін орындау мүмкін емес екендігін айтқыңыз келсе хатты бірден «*ол мәселенің орындалуы я қабылдануы мүмкін емес*» деген сөздерден бастаңыз. Қажет болған жағдайда, бұл мәселенің қайта қаралуы мүмкін екенін айта кетуге болады.

5. Егер өтініштің, я, тапсырылған істің немесе қойылған мәселенің дұрыс шешілгені туралы жазатын болсаңыз, бұл мәселенің дұрыс шешілуі үшін сіздің өз басыңыздың, я мекеменіңдің қосқан үлесін, я еткен еңбегін атап кеткениң артығы жоқ.

6. Сізге, я сіздің мекеменіңзге келіп түскен қызметтік құжаттармен танысқанда, ол құжат бойынша мәселе көтерерде, я қол астыңыза істейтін қызметкерлерге тапсырма берерде, құжаттағы мәселе бойынша жуап жазарда, бұл мәселе менің я болмаса, біздің мекеменің міндетіне кіре ме деген мәселені де ойлау керек.

7. Сізің хатыңыз заңды, мазмұны айқын болуы керек. Бұл әсіресе қаржы, кадр құжаттары үшін міндетті.

8. Қызметтік хаттар мүмкіндігінше сирек және қысқа жазылуы керек. Қағаз бен сөздің көптігі істі жылдамдатуға септігін тигізе қоймайды.

9. Хатыңыз көпшілікке түсінікті тілмен және ресми түрде жазылуы керек.

10. Қызметтік құжаттың қай түрін жазсаңыз да көп ойды аз сөзben жеткізуге тырысыңыз.

11. Іс қағаздарын жазарда орнықсан сөз тіркесі мен қалыптасқан терминдерді қолданыңыз.

12. Бастауыш сөйлемнің басында баяндауыш соңында, анықтауыш анықталатын сөздің алдында тұратын да естен шығармаңыз.

13. Іс қағаздарын жазуда көнерген сөздер, архаизмдер, диалект сөздер, қазіргі қазақ тілінде ескіріп, айналымынан шыққан тіркестер қолданылмайды.

14. Жазылған құжатты қайтара оқып шығып, сөйлемдегі басы артық сөздерді алып тастау керек.

15. Сөйлем баяндауышы я ашық райда (*мысалы: пайдаланылады, қаралады, қолдануда, жүріп жатыр, ескертілді*), я бұйрық райда тұру керек (*орындалсын, шешілсін келісілсін, жеткізілсін, қаралсын т.б.*) [2].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асқаров Н.Ә., Нәлібаев Ж.Б., Белгара Б.Б. Іс қағаздарын жүргізу негіздері: оқу-қолданбалы құрал / – Алматы, 2007 ж. – 241 бет

2. Дүйсембекова Л. Іс-қағаздарын қазақша жүргізу – Алматы: «Ана тілі» 2005 ж., – 208 бет.